

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Шымкент университеті**

**«Қаржы және құқықтану» кафедрасы**

**МІНДЕТТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

<b>Мамандық атауы:</b>	<b>Құқықтану</b>
<b>Мамандық шифры:</b>	<b>5В030100</b>
<b>Дайындау бағыты:</b>	<b>Құқық</b>
<b>Берілетін дәреже:</b>	<b>Құқықтану мамандығы бойынша құқық бакалавры</b>

**міндетті пәндер каталогы**

Пәндер циклдарының қысқаша аталуы	Пәндер мен оның негізгі бөлімдерінің аталуы	Кредит көлемі және сағат саны
1	2	3
<b>ЖБП</b>	<b>Жалпы білім беру пәндері</b>	<b>28(1260)</b>
МК	Міндетті компонент	33 (1485)
ККЗТ 1101/ СІК 1101	<p><b>Қазақстанның қазіргі заман тарихы</b>  <b>Пререквизит:</b> жоқ  <b>Постреквизит:</b> жоқ  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Мазмұны:</b>                      ХХғ. Бірінші жартысындағы Қазақстан. Кеңестер билігі тұсындағы Қазақстан. Қазақстандағы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қазақстан шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жылдар). Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. Өлкедегі кеңестік мемлекеттік құрылыс. Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезінде 1941-1945жж. 1946-1970 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық экономикалық жағдайы. 1970-1980 жж. Қазақстан Ғылыми-техникалық прогрестің өндірісіне енгізіле бастауы. Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Реформалардың сәтсіздікке ұшырауы және дағдарыстың өршуі. Қайта құру жылдарындағы Қазақстан саясатының негізгі кезеңдері және оның сипаттамасы. Қазақстан қайта құру мен тәуелсіздік жолында. Қазақстан Республикасының жариялануы. Қазақстан – тәуелсіз егеменді мемлекет. Саясат саласындағы стратегиялық мақсаттар. ҚР мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы. Жаңа сайлау жүйесінің қабылдануы.</p>	3 (135)
К(О)Т 1103/К(R)Үа 1103	<p><b>Қазақ (орыс) тілі</b>  <b>Пререквизит:</b> жоқ  <b>Постреквизит:</b> жоқ  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Мазмұны:</b>                      Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салалары қымтылады. Грамматика бөлімінде қазақ тілінің фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық пунктуациялық нормалары мен негізгі түсініктері беріледі. Сөйлем деңгейінде жай және күрделі сөйлем құрылысындағы субъектілі-предикативтік қатынастар, жай және құрмалас салалас пен құрмалас сабақас сөйлемдердегі объектілік, анықтаушылық, толықтаушылық мәндері ашылады. Лексика саласы бойынша төмендегілер қарастырылады: тура, ауыспалы, көп мағыналы сөздер; омоним, синоним, антоним сөздер,</p>	6 (270)

	<p>фразеологизмдер, лексикография, жиі қолданылатын сөздер: кәсіби – лексика, экономикалық терминдер, ауыз екі сөйлеу лексикасы. Мәтін деңгейінде түрлі тақырыптағы мәтін байланыстарын құралы мен құрылымы, қазіргі қазақ тілінің түрлі стилінің (ғылыми, ауыз екі, көсемсөздік, ресми-іскерлік, көркем әдебиет стильдері) ерекшеліктері негізгі алынады. а) оқытудағы негізгі ұстаным-үйренушінің күнделікті сөйлеу жаңдағанда (әлеуметтік – тұрмыстық және кәсіби-іскерлік жағдаяттарда) тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алуы. б) сондықтан тілді үйрету барысында үйренушілердің сөлесім әрекетінің 4 түрін-түрлі типтегі, монолог, диалог, полилог құра білуге үйрету, мәтін мазмұнын талдау мен қайта жаңғыртып оқыту арқылы олардың белсенділігін арттыру көзделеді.</p>	
ShT1104/ІУа 1104	<p><b>Шет тілі</b>  <b>Пререквизит:</b> жоқ  <b>Постреквизит:</b> Кәсіби бағытталған шет тілі  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы.  Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі.  Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тіліне тілдік нормаларға сай аудару.  Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.  <b>Мазмұны</b>  Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық – интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық – әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері;көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың профиліне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз топтары - зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикль, есімдік, предлог; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері.</p>	6 (270)
Fil 1102	<p><b>Философия</b>  <b>Пререквизит:</b> Қазақстан тарихы  <b>Постреквизит:</b> жоқ  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Мазмұны:</b>  Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени – тарихи контекстегі философия. Мәдениет контексіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені</p>	3 (135)

	<p>ретінде. Қытай мәдениетінің гүлденуі кезіндегі ежелгі Қытай философиясы. Антика мәдениетіндегі философия. Ортағасырлық мәдениеттегі философия феномені. Ислам мәдениеті аясындағы арап-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін феномені. Қайта өрлеу және реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ.ғ ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ мәдениетіндегі Кеңестік философия. XX ғ. және XXI ғ аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы.</p> <p>Диалектика теориясының мәселелері.</p> <p>Эпистемология. Ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.</p>	
АКТ 1105/КТ 1105	<p><b>Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде)</b></p> <p><b>Пререквизит:</b></p> <p><b>Постреквизит:</b></p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Мазмұны:</b></p>	3 (135)
ТК 1.2	Таңдауы бойынша компонент	7 (315)
<b>БП 2</b>	<b>Базалық пәндер</b>	<b>49 (2205)</b>
МК 2.1	Міндетті компонент	25 (1125)
КК(О)Т3201/ РК(Р)Үа3201	<p><b>Кәсіби қазақ (орыс) тілі</b></p> <p><b>Пререквизит: Қазақ (орыс) тілі</b></p> <p><b>Постреквизит: жок</b></p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы.</p> <p>Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі.</p> <p>Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты орыс тіліндегі мәтіндерді кәсіби қызметте пайдалану.</p> <p>Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.</p> <p><b>Мазмұны:</b></p> <p>Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту, грамматикалық формалар мен құрылымдарды олардысөз қолданыстағы деңгейі дәрежесінде меңгерту. Мамандығы бойынша лексикалық және терминологиялық минимумдарды меңгеру. Әңгімелесу, мазмұндау, хабарлау сынды түрлі тілдік</p>	2 (90)

	<p>қызметтер жүйесін құру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды функционалды көріністе дұрыс қолдана білу. Әртүрлі сөйлеу қызметі түрлерінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті, бейімделген және өңделген қиын емес прагматикалық мәтіндерді, диалог мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде тақырып бойынша өңдеу.</p> <p>Кәсіби оқу тілін дамыту: а) оқудың тыңдаудың дағдылары мен қалпын қалыптастыру, әдебиеттерді мамандығы бойынша конспектілей білу; б) оқулықтар мен дәрістерге жақын, сәйкес келетін ғылыми оқу мәтіндерінің түрлерін, кәсіби оқу тақырыптары бойынша диалогтар мен монологтар құра білу; в) айтылымның негізгі құрылымдық – мағыналық түрлерін: монолог – сипаттау, монолог – мазмұндау, монолог – талқылу, диалог – әңгіме, диалог – сұхбат түрлерін жеделдетіп (интенсивті) оқыту.</p>	
<p>KBShT 2202/POIYa2202</p>	<p><b>Кәсіби бағытталған шет тілі</b>  <b>Пререквизит:</b> Шет тілі  <b>Постреквизит:</b> Заңгердің кәсіби этикасы  <b>Күтілетін нәтиже:</b> Оқу: белгілі қызмет саласының базалық ұғымдық-категориялық аппаратын және терминдер жүйесін меңгеру.  Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде қарым-қатынас дағдылары мен диалогты дамыту шеберлігі.  Жазу: кәсіби тілдің жазбаша нысанын, заң тілінің барлық деңгейлерінің (лексикалық, грамматикалық) құрылымдық ерекшеліктері, заң мәтіндерінің құрылымын сондай-ақ кәсіби бағытталған шығармаларды құру ерекшеліктерін болашақ заңгердің құқықтық, нормативтік құжаттармен жұмысы кезінде пайдалана білу.  Тыңдау: арнаулы мақсаттарға арналған кәсіби тілдің түрлі салаларын тыңдау.  <b>Мазмұны:</b> қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру, сөйлеу әрекетінің оқылым, жазылым, айтылым, естілім түріндегі коммуникативтік қарым-қатынас дағдылары мен машықтарды дамыту, қоғам өмірінің құқықтық саласы глоссарийін еркін қолдану, әдеби тілдің нормаларын және кәсіби қызметтің феномендерін бейнелейтін арнаулы мақсаттарға арналған тілді игеру.</p>	3 (135)
<p>МКТ 1203/ TGP 1203</p>	<p><b>Мемлекет және құқық теориясы</b>  <b>Пререквизит:</b> Қазақстанның қазіргі заман тарихы; Философия, Саясаттану, Әлеуметтану.  <b>Постреквизит:</b> ҚР Конституциялық құқығы; ҚР Мемлекет және құқық тарихы;  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Мазмұны:</b> Мемлекет және құқық теориясы қоғамдық өмірдің мемлекеттік-құқықтық саласына деген кең көзқарасты қамтамасыз етеді, оның даму негізгі заңдылығын және келешегін ашады, оның экономикамен, саясатпен, рухани, әлеуметтік-мәдени және басқа да адамдар қатынасымен әрекеттесуін көрсетеді. Мемлекет</p>	2(90)

	және құқық теориясын оқытудың мақсаты студенттерді қазіргі кездегі мемлекеттік құқықтық құбылыстар жайлы білімдерге жетелеу, оның типтері, нысандары және функциялары туралы, мемлекеттің механизмі және құқықтық реттеудің сатылары туралы, адамның құқықтары мен бостандықтары және оны қамтамасыз ету мен қорғаудағы заңның орны жайлы үйрету болып табылады.	
KRKK 1204/ KPRK 1204	<p><b>ҚР Конституциялық құқығы</b></p> <p><b>Пререквизит:</b> Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Мемлекет және құқық тарихы;</p> <p><b>Постреквизит:</b> ҚР Азаматтық құқығы, ҚР Қылмыстық құқығы, ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы, ҚР қылмыстық іс жүргізу құқығы т.б</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚР-ң Конституциялық құқығы ғылымының негізгі түсініктері мен дәрежелері;</li> <li>- ҚР-ң Конституциялық құрылым негіздерінің негізгі қағидаларын және элементтері;</li> <li>- Адам және азаматтың құқықтық жағдай негіздерінің мазмұны және қағидалары;</li> <li>- Мемлекет органдарының ұйымдастырылу және қызметінің конституциялық қағидаларын, құрылымын, құқықтық мәртебесін, негізгі өкілеттіктері;</li> <li>- Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық негіздері;</li> </ul> <p><b>Мазмұны:</b> ҚР-ң Конституциялық құқығы: түсінігі, пәні және әдістері. ҚР Конституциясы – мемлекет және қоғамның Негізгі Заңы. ҚР-ң Конституциялық құрылымының негіздері. ҚР қоғамдық бірлестіктердің ұйымдастырылуы және қызмет етуінің конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің негіздері. Сайлау құқығы және Қазақстан Республикасының сайлау жүйелері. Республикалық референдум. Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық – құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасы Парламентінің Конституциялық – құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Конституциялық – құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасындағы сот төрелігінің конституциялық негіздері;</p>	2(90)
KRAK 2205/ GPRK 2205	<p><b>Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім)</b></p> <p><b>Пререквизит:</b> Мемлекет және құқық теориясы, Мемлекет және құқық тарихы, ҚР Конституциялық құқығы</p> <p><b>Постреквизит:</b> Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім), Кәсіпкерлік құқық, Халықаралық жеке құқық, Жер құқығы, Нотариат.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Азаматтық құқықтық терминология, мәмілелер мени шарттарды заңи рәсімдеу бойынша құжаттармен жұмыс жасау қабілеттігі, кәсіби қызмет</p>	3 (135)

	<p>объектілері болып табылатын түрлі азаматтық-құқықтық құбылыстарды, заң фактілерін, азаматтық нормалар мен құқықтық қатынастарды талдау, құқық қолдану мен сот тәжірибесін талдау, дауларды, мәселелер мен қайшылықтарды шешу, азаматтық құқық нормаларын іске асыру, азаматтар мен заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғаудың қажетті шараларын қабылдау қабілеттігін игеру;</p> <p><b>Мазмұны:</b> Азаматтық құқықтың түсінігі. Азаматтық құқықтың қайнар көздері. Азаматтық құқықтық қатынастар. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау. Азаматтар азаматтық құқықтың субъектісі. Заңды тұлғалар. Азаматтық құқықтың объектілері. Мәмілелер. Өкілдік. Сенімхат. Мерзімдер. Талап мерзімі. Меншік құқығының ұғымы. Міндеттеме ұғымы. Міндеттеменің орындалуы. Міндеттеменің тоқтатылуы. Шарттың ұғымы. Шарт жасасу, өзгерту, және бұзу.</p>	
KRAK 2206/ GPRK 2206	<p><b>Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім)</b></p> <p><b>Пререквизит:</b> Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім)</p> <p><b>Постреквизит:</b> ҚР азаматтық іс жүргізу құқығы</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Мазмұны:</b> Меншікке немесе өзге заттық құқыққа мүлік беру бойынша міндеттемелер. Сатып алу-сату шартының жалпы ережелері. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты. Келісім шарт жасасу. Айырбас. Сыйға тарту. Рента. Лизинг. Прокат. Тұрғын үйді жалдау. Мүлікті тегін пайдалану шарты. Жұмысты орындау бойынша міндеттемелер. Мердігерлік шарт туралы жалпы ережелер. Тұрмыстық мердігерлік. Құрылыс мердігерлігі. Заем. Факторинг. Банктік қызмет көрсету. Сақтандыру. Комиссия. Мүлікті сенімгерлікпен басқару. Интеллектуалдық меншік құқығы. Мұрагерлік құқық. Халықаралық жеке құқық.</p>	3 (135)
KRKK 2207/ UPRK 2207	<p><b>Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (жалпы бөлім)</b></p> <p><b>Пререквизит:</b> Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы</p> <p><b>Постреквизит:</b> Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім)</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Мазмұны:</b> Қылмыстық құқықтың түсінігі, міндеттері мен жүйесі. Қылмыстық құқық ғылымы. Қылмыстық заң. Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі. Қылмыстық жауаптылық және оның негізі. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағы. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі. Қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағы. Қылмыстық құқық бұзушылық көптігі. Қасақана қылмыс істеу сатылары. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу түсінігі.</p>	3 (135)

	Жазаның түсінігі мен мақсаты. Жаза жүйесі және түрлері. Жаза тағайындау. Қылмыстық жауаптылықтан босату. Жазадан босату. Соттылықты жою және алып тастау. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.	
KRKK 2208/ UPRK 2208	<p><b>Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім)</b></p> <p><b>Пререквизит:</b> Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (жалпы бөлім)</p> <p><b>Постреквизит:</b> Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы, Криминалистика, Қылмыстық атқару құқығы.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Мазмұны:</b> Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар.</p>	
TK 2.2	Таңдау компоненті	49 (2205)
<b>КП 3</b>	<b>Кәсіптендіру пәндері</b>	<b>32 (1440)</b>
МК 3.1	Міндетті компонент	5 (225)
KRAIZhK 3301/ GPPRK 3301	<p><b>Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы</b></p> <p><b>Пререквизит:</b> ҚР Конституциялық құқығы; ҚР азаматтық құқығы; Отбасы құқығы;</p> <p><b>Постреквизит:</b> жоқ</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Мазмұны:</b> Азаматтық іс жүргізу құқығы саласының пәні, әдісі және жүйесі. Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері. Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастар және олардың субъектілері. Азаматтық процестегі тараптар. Азаматтық процестегі үшінші</p>	3 (135)



	<p>тұлғалар. Азаматтық процеске прокурордың қатысуы. Сотта өкілдік ету. Іс жүргізу мерзімдері. Сот шығындары. Мәжбүрлеу шаралары. Азаматтық істердің соттылығы. Дәлелдемелер мен дәлелдеу. Талап. Сотта азаматтық істі қозғау. Істі сотта қарауға әзірлеу. Азаматтық істерді бірінші сатыдағы сотта қарау. Бірінші сатыдағы соттың актілері. Сырттай іс жүргізу және сырттай шешім. Соттардың ерекше талап қоюмен жүргізілетін істерді қарауы. Соттардың ерекше іс жүргізу тәртібімен істерді қарауы. Бұйрық арқылы іс жүргізу және сот бұйрығы. Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу. Шетелдік құқық субъектілері қатысатын істер бойынша іс жүргізу.</p>	
<p>KRKIZhK 3302/ UPPRK 3302</p>	<p><b>Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы</b>  <b>Пререквизит:</b> ҚР Конституциялық құқығы; ҚР қылмыстық құқығы;  <b>Постреквизит:</b> жоқ  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Мазмұны:</b> Қылмыстық іс жүргізу құқығының ұғымы, міндеттері мен маңызы. Қылмыстық іс жүргізу заңы және оның қайнар көздері. Қылмыстық іс жүргізу принциптері. Қылмыстық ізге түсу. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар. Қылмыстық іс жүргізу бойынша іс жүргізу. Қылмыстық іс жүргізудегі мүлктік мәселелер. Іс жүргізу мерзімдері. Ақтау. Қылмыстық іс жүргізуді жүргізуші органның заңсыз іс әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар. Қарсылық білдіру және өтініш жазу. Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер теориясының негізгі ережелері. Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудің негіздері. Қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеу институты. Қылмыстық істі қозғау сатысы. Алдын-ала ергеу жүргізудің жалпы шарттары. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту. Алдын – ала тергеу сатысындағы тергеу іс әрекеттері. Алдын-ала тергеудің аяқталуы. Басты сот талқылауының жалпы шарттары. Соттылық. Басты сот талқылауын тағайындау. Басты сот талқылауы. Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау. Қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері. Қылмыстық іс жүргізудегі айырықша іс жүргізу. Шетелдік құқық субъектілері қатысатын істер бойынша іс жүргізу. Сот актілерін және өзге органдар актілерінің орындалуы. Қылмыстық іс бойынша қарсылық білдіру және өтініш жазу.</p>	3 (135)
TK 3.2	Таңдау компоненті	27 (1215)
	<b>Теоретикалық оқытудың барлығы:</b>	<b>129</b>
<b>ОҚТ</b>	<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>	
МК	Міндетті компонент	14-тен кем емес

ДШ	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Пререквизит: жоқ</b></p> <p><b>Постреквизит: жоқ</b></p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Дене шынықтырудың мағынасы мен мазмұнын, организмнің психофизикалық ерекшеліктерін, дене жағдайының диагностика критерийлерін білу. Дене қасиетімен қимыл-қозғалыс мүмкіншіліктерін қолдана білу.</p> <p><b>Мазмұны: дене</b> Денсаулық туралы түсінік, мәні, мазмұны, критерийлері, факторлары. Шынығу деңгейінің жағдайы мен көрсеткіштері. Заманауи сауықтыру жүйелерінің және құралдарының сипаттамасы. Дене шынықтыру бойынша кәсіп білім және практикалық дағды. Психореттейтін жаттығу.</p>	8
----	--	---